

КУРАМЫСОВА МЕРУЕРТ УМЕРБАЕВНА

««Фильц» инетесімді тәсілді қолдану арқылы текстиль материалдарынан тігіссіз бұйым технологиясын жасау»

«Текстиль материалдарының технологиясы және жобалануы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі кезде сән бағытан сәйкес табиғи талшықтардан жасалған жеңілдетілген трикотаж жаймалары кең сұранысқа ие.

Дизайнерлер мен тігін өндірістері жеңілдетілген трикотаж бұйымдарын шектеулі ассортиментін шығарады, себебі кеуектілігі жоғары құрылымды жаймалардан алынған бөлшектерді біріктіру технологиясы жоқ. Осыған орай, осындай бұйымдарға сәндік бөлшектерін жасауда күрделі болып келеді. Сондықтан кеуектілігі жоғары трикотаж жаймаларын біріктіру технологиясы өзекті мәселенің бірі болып саналады.

«Қазақстан-2030» және «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын, ескере отырып Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев былай деді: «Еліміздің бай фольклорлық мұрасы пайдалану ұлттық жаңғыру әкелуі мүмкін». Қазақстанның атын, соның ішінде киім өндірісінің әлемдік деңгейін көтеретін қуатты механизм болып табылады.

Қазіргі уақытта кез келген ұлттың немесе халықтың тарихи мұрасы- сәндік композиция және элементтерімен ұлттық стильде бұйымдарды жасау өзекті мәселе.

Осыған байланысты берілген диссертациялық жұмыстың мақсаты ретінде жеңілдетілген трикотаж жаймаларынан жасалған бұйым бөлшектерін біріктірумен қатар, безендіру мен пішін беру технологиясын дайындау.

Зерттеу объектісі. басты және туынды өрімдерінің базасындағы трикотаж жаймаларын біріктіру үрдісі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты. жеңілдетілген трикотаж жаймаларынан жасалған бұйым бөлшектерін біріктірумен қатар, безендіру мен пішін беру технологиясын дайындау

Зерттеу әдістері мен құралдары. Диссертациялық жұмыста келесі әдістер қолданылады: графикалық жобалау әдісі; математикалық жоспарлау; нәтижелерді статикалық өңдеу; экспресс әдіс қолданылды; Microsoft Office Word, Excel, PowerPoint компьютерлік бағдарламалар, пакет Matlab 7.90 (R2009b), Model 32 программалық бағдарламасы; 3D жобалау; автоматты бағдарламамен қамтамасыз етілген «Libra» тоқу машинасы; Janome FM 725 (фелтинг техникасында жасайтын) инетесімді машина – жеңілдетілген трикотаж жаймасынан алынған бұйым бөлшектерін біріктіру үшін.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы:

- «фильц» инетесімді әдісті қолдану арқылы бұйым бөлшектерін біріктірумен қатар, безендіру мен пішін беру әдісі жасалды;
- Инетесімді тігістердің беріктігі мен форматұрақтылығының трикотаж жаймасы мен оның технологиялық орындалуына тәуелділігі анықталды;
- инетесімді тігістердің оптимальді көрсеткіш факторлары трикотаж жаймасының элементарлы звено параметрлері анықталды;
- алғашқы рет фелтинг-тігіс классификациясы құрастырылды.

Жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Фелтинг-тігіс арқылы, текстиль бұйымдарын дайындауда трикотаж және беймата өндірісін біріктіріп көрсететін, әр түрлі безендіруді қолдана отырып тігіссіз киімдерге формакұру мен модельдеу орындалады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері оң нәтижиемен Алматы технологиялық университеті ЖШС «AsemServis» ательесінен алды.

Негізгі диссертациялық жұмыс нәтижелері халықаралық, шет ел және республикалық ғылыми-конференцияларда жарияланды: « «Фильц» тәсілмен орындалған тігіс беріктігін зерттеу» халықаралық конференция « Ғылым және өндіріс тің білім беруде заманауи ақпараттық технологиясы » ММТЖБУ ЖК ФМББМ профессоры, Ресей

«Ғылым. Білім. Жастар» Алматы Технологиялық Университетінде (2013г), ЖОО аралық ғылыми – техникалық аспиранттар мен студенттердің техникалық конференциясында «Молодые ученые – развития текстильно промышленного кластера» (ПОИСК – 2014), Ивановский мемлекеттік политехникалық университетінде баяндалды. 2011-2012 жж. ҚР президентінің Бірінші Фонд көрмесінде көрсетілді.

Жариялым: Зерттеу жұмысының нәтижесінде 14 жұмыс жарияланды. Соның ішінде: 2 мақала - «Scopus» мәліметтер базасына кіретін журнал; 3 мақала - Комитет ұсынған басылымда; 7 – халықаралық және республикалық конференцияда жарияланған; 1 – ҚР инновационды патент алынды.